

русско-европейские путешественники, краеведы XIX века отмечали необычайную терпеливость, храбрость и мужество казахов, рыцарство и культ чести в ментальности этого народа.

Далее, если применять классификацию религий и религиозных типов по У. Джеймсу, то модель религиозности кочевников-казахов можно отнести к среднему типу между «религией душевного здоровья» (по Джеймсу – языческие религии) и «религиями спасения» (или «страждущих душ», к которым Джеймс относил мировые религии), ибо, с одной стороны, даже в лоне ислама кочевники в силу близости к природе и космичности сознания, тяготели к цельному мировоззрению. Но с другой стороны, кочевников трудно отнести к последователям религии беспристрастного «душевного здоровья», т.к. изначально конно-кочевой номад выделился из массы первобытных народов как преодолевший инерцию природы человек «геройского типа», как «дважды рожденный» (twice born, также понятие из психологии религии У. Джеймса).

В самом самоназвании сформировавшегося окончательно на рубеже XV-XVI вв. средневекового казахского этноса – в слове Qazaq (значение: вольный человек) содержится намек на психологию воина, также простоту и неприхотливость образа жизни. Известны слова знаменитого правителя казахов Касым-хана (XVI в.), который хорошо передает дух казахской ментальности: «Мы – жители степи. У нас нет ни редких, ни дорогих вещей, ни товаров. Главное наше богатство заключается в лошадях: мясо и кожа их служат нам пищей и одеждой, а приятнейший напиток для нас, приготовленный из кобыльего молока, – кумыс. На земле нашей нет ни садов, ни зданий; место наших развлечений – пастбища скота и табуны лошадей, и мы ходим любоваться этим зрелищем [6, с.326-327].

В трудах У. Джеймса имеются гениальные научные идеи о духовной природе человека, о связи психологии и веры, о многообразии религиозного опыта, который может происходить с человеком даже бессознательно и спонтанно – на природе, в реалиях войны и миграций, душевных смятениях и живом искреннем поиске своего личного Бога. Выдающийся мыслитель еще в начале XX столетия, когда было мало объективной информации о мусульманском мистицизме, с уважением относился к суфизму, другим восточным религиям. Ценные подходы Джеймса можно использовать для определения значимости духовно-мистического измерения учения Ходжи Ахмеда Ясави – духовного учителя тюрков, для понимания психологических аспектов ясавийского учения.

Список использованной литературы:

1. Джеймс, У. Многообразие религиозного опыта. Пер. с англ. М., 1993, 418 с.
2. Baader, M. William James' Theory of Religion and Pluralistic World/ <https://brill.com/display/book/edcoll/9789087903558/BP000004.xml> Дата обращения: 05.09.2025
3. Стеблева И. Поэзия тюрков VI-VIII вв. М., 1965. 148 с.
4. Ақсауыт. Батырлар жыры. 1 том. Алматы, 1977. 365 б.
5. Махмуд ал-Кашгари. Диван лугат ат-турк. /перевод З.-А. Ауэзовой. Алматы, 2005. 1288 с.
6. Мухаммед Хайдар. Тарих-и Рашиди. Алматы, 1999. 656 с.

ӘОЖ 974

ҚАЗАҚ ДӘСТҮРІНДЕГІ «ӘУЛИЕ КУЛЬТІН» ЗЕРТТЕУДІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК, ТАРИХНАМАЛЫҚ АСПЕКТТЕРІ

Нұртазина Назира Даутбекқызы
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
Қазақстан тарихы тарихы кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының докторы
Дауытбекова Маржан Қанатбекқызы
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
Қазақстан тарихы тарихы кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты, Алматы,
Қазақстан

Қазақ мәдениетінің мазмұнында мұсылмандық сенімдер мен әдет-ғұрыптар жетекші рөл атқарған. Бүгінгі таңда діни дәстүріміздің жүйеқұрғыш компоненті Ясауидің сопылық ілімі, жалпы мұсылмандық құндылықтар болғаны негізделіп отыр [1]. Сонымен бірге исламға дейінгі кейбір мәдени қалдықтар салт-дәстүр мазмұнында қосалқы, перифериялық элемент болып сақталып келгені де рас. В. Басилов пен Дж. Кармышева атап өткендей, «жалпыисламдық және жергілікті

(кешендердің) өзара байланысуы ислам тұрғысынан реалды діни жағдайды қайта қарауды, реисламизацияны, исламның өмір сүруінің нақты формасын «дәстүрлендіруді» қажет етті» [2, 182 б.].

Суфизммен байланысты мазарларды зиярат ету, қасиетті тұлғаларға тағзым ету, «әулиелі жерлерді» құрметтеу, сол сияқты зікір айту, Құран аят-сүрелерімен науқастарды емдеу практикалары қазақ өмірінің ажырамас бөлігі болды. Әулие – Құрандағы «әулия Алла» (Аллаға жақын адамдар, яғни « достары» ұғымынан шыққан сөз, рухани кемелденудің ең биік дәрежесіне жеткен (көбінесе сопылық жолмен) тұлғаның атауы. Ал қазір осы феноменді зерттеудің жаңаша теориялық-әдістемелік ұстанымы *әулиеге тағзым* («культ святых») құбылысын ежелгі наным-сенімдердің жаңғырығы емес, сопылықпен, ясауизммен байланысты дәстүрлі (ортағасырлық) исламның толыққанды көрінісі деп қарастыру болып табылады [3].

Халқымыздың рухани мұрасында, тарихи жадында «Сайрамдағы сансыз баб», «Түркістанда түмен баб», «Отырарда отыз баб», «Маңғыстауда 360 әулие», т.б. мифологемалары тегіннен тегін тараған жоқ. «Аңыз түбі ақиқат» дегендей, халық агиологиясының орны да қазіргі Oral traditional History жанры аясында қайта қаралып, оның әсіресе халықтың мәдени жадын зерттеуде бірегей құнды қайнаркөз екені мойындалып жатыр.

Әулие культіне байланысты Орталық Азия халықтарының наным-сенімдерін зерттеу совет этнографиясында бастағаны белгілі. Бұл ретте біз әдетте В.Н. Басиловтың «Культ святых в исламе» сынды іргелі зерттеулерін атауымыз керек [4]. Әрине, одан ертеректе атақты венгр исламтанушысы И.Гольдциердің «Культ святых в исламе» атты зерттеуі орыс тіліне аударылып жарық көргені мәлім [5]. Осы екі іргелі монографияның арасындағы идеялық және әдістемелік жақындық пен сабақтастық «әулиеге табынуды» исламға дейінгі діни-мифтік жүйелердің ықпалымен байланыстыру, бұл құбылыстың «шамандық» астарын негіздеу (немесе жасанды құрастыру) еді. Басқа сөзбен «ориентализм» таңбасы десек болады, бірақ кейін ол одан да сорақы атеистік, антиисламдық көзқарасқа ұласты. Советтік кезеңде қалыптасқан «көшпенділердің үстірт исламы» («поверностный ислам» кочевников), немесе «діни синкретизм» тұжырымдары бойынша әулиеге тағзым, зияратқа қатысты сенімдер мен практикаларды ертедегі діни культтармен түсіндіру қалыпты үрдіске айналды.

Ол кездегі кеңестік әдістеме тіпті суфизмнің (тасаввуф, сопылық) өзін мұсылмандық іргетасынан ажыратуға тырысып бақты. «Ислам. Историографические очерки» атты зерттеудің авторлары атап көрсеткендей [6], жалпы XX ғасырдың орта шеніне дейін еуропалық исламтану ғылымында тасаввуф, яғни сопылық «исламға дейінгі», «исламнан тыс» (мәселен, зороастризм, христиан, үнділік, т.б.) жүйелердің ықпалымен пайда болған кірме (заимствованный) құбылыс деген көзқарас үстемдік құрды. Дегенмен әсіресе XX ғ. 2-ші жартысында әлемдік исламтану ол ұстанымнан бас тартып, суфизм исламның өзіне тән ілім (ағым) әрі практика, тіпті ислам дінінің эзотериялық (құпия) интерпретациясы, «мистикалық-аскеттік» бағыт, діннің «интериоризациясы», т.б. деп анықтай бастады. Батыста әйгілі Рене Генон мектебі өкілдері, әсіресе Фритьоф Шуон («Исламды түсіну», 1961 ж.), сол сияқты Артур Джон Арберри сынды исламтанушылар өздерінің шығыстану, әдебиеттану бағытындағы іргелі зерттеулерімен суфизм дискурсын жаңа сапалық деңгейге көтеріп, іс жүзінде иеологиялық, әдістемелік төңкеріс жасады [7]. Ал әлемдік мейнстримнан оқшауланып қала берген Совет Одағының гуманитарлық ғылымы теориялық-әдістемелік жағынан ұзақ мерзімді дағдарыста, ескі таптаурындар құрсауында мүшкіл күй кешуге мәжбүр болды.

Тарихи-этнографиялық әдебиетте Орталық Азиядағы, сол сияқты Солтүстік Кавказ, Еділ-Орал өңірлері халықтары тарихындағы әулие культіне маркстік идеология исламофобиялық сипатына сәйкес күдікпен қарап, ғылыми зерттеулерге бейресми тыйым салды. Өте сирек, көбінесе этнографиялық зерттеулерде әулиелер тақырыбы қозғалып жатса, оларды шаманизмге теліп қоятын. Ә.Мүминовтың тұжырымдауы бойынша, сол кезде әсіресе қожалар рөлінің зерттелмеуі «қазақтың үстірт исламы» формуласына жол ашқан. Ғасырлар бойы қастерлену объектіне айналған әулиелердің, Қожа Ахмет Ясауиден бастап, қожалардың тегі Пайғамбар, сахабалар, «бабтарға» тірелетіні совет ғылымы үшін аса «ыңғайсыз» жәйт болғандықтан әулие феноменінің (емшілік, қасиетті мазарлар, т.б.) мұсылмандық тарихи-өркениеттік фактормен байланысы бүркемеленіп, бұрмаланып отырды, сол сияқты реті келсе бұл ғұрыптар және сенімдер тиісті әдебиетте ашық сынға алынып, келемежденді.

Тәуелсіз Қазақстанның жағдайында рухани мұрамыздың аса маңызды бөлігі - әулиелер мәселесіне қатысты, біріншіден, ескірген кеңестік «әулие культі» формуласын «әулиені қастерлеу» (немесе: тағзым) деген қисынды, қазақы-мұсылмандық сөз тіркесімен алмастырудың, екіншіден, идеялық мазмұны жағынан осы құбылыстың «діни синкреттік» емес, ислам дініндегі суфизм арнасында қалыптасқан ислами құбылыс екенін негіздеудің маңызы зор болып отыр. Әрине,

жоғарыдай айтып өткеніміздей, бұл ғылыми тұжырым және әулие культіне жаңаша баға беру тәңіршілдік, ата-бабаға сыйыну, анимизм, т.б. ескі діни кешендердің белгілі мөлшердегі әсерін жоққа шығармайды; соңғылардың сарқыншақтары (реликт) мен мұсылмандық тағзым ғұрпы арасында белгілі тарихи-генетикалық байланыс, типологиялық ұқсастық, мәдени-рухани сабақтастық болды.

Қазақтың әулиені қастерлеу ғұрпының, сакралды тұлғалардың тарихын шынайы зерттеудің жаңа парадигмасының келесі маңызды методологиялық ұстанымы – ол «әулие культін» «әулиелер сұлтаны» аталған Қожа Ахмет Ясауи тұлғасымен қайта байланыстыру, себебі жергілікті әулиелер иерархиясында түркістандық пір ерекше құрметке ие болғаны қазір жақсы белгілі («99 пірдің пірі», т.б.теңеулер). Әлішер Науаи сияқты классик ақын, сопылық білгірі Қожа Ахмет Ясауиді «Түркі елінің құбыласы» деп атаған.

Ертеден қазақ халқы Ясауиді «Әзірет Сұлтан», «Сұлтан әл-Әрифин», «Пир-и Түркістан» деп қастерледі, ал зиярат ғұрпының өзегі әрі ең биік шыңы - Қасиетті Түркістанға тағзым ету болды [8]. Қазақ хандары «әулие Қожа Ахмед Ясауи хазреттері» деп кие тұтып, зиярат жасап келді. Ясы-Түркістанның «екінші Мекке» аталуы да Қожа Ахмет Ясауидің әулиелер иерархиясындағы теңдесі жоқ биік мәртебесін көрсететін халық агиологиясы қойнауынан алынған аса маңызды аргумент, дәйек. Ендеше қазақтың «әулиелік» феноменін ешқашан дәстүрлі исламнан, сопылық пен ясауизмнен ажырату мүмкін емес. Халықтың дүние суреттемесінде Әулие «Әзірет Сұлтан» (Ясауи) нағыз түркі-мұсылман әулиесінің эталоны, үлгісі және бұрын-соңды болмаған әулиелік құбылыс саналды (оның басты себебі Ясауиді Пайғамбардың өзінің таңдауы, Арыстан баб арқылы беріп жіберген «аманат» (- құрма туралы іргелі миф). Осы секілді сакралды мифтер, сюжеттер төңірегінде жүздеген діни аңыздар тарап, қазақ халқының тарихи жады оларды ұрпақтан ұрпаққа айтып сақтады. Ясауидің өзіне байланысты қазір «100 аңыз» жинағы жарық көрді [8]. Сондықтан әулие феноменін Орталық Азиядағы суфизм контекстінде жан-жақты зерделеу бізге Ясауи мұрасын тереңірек ашуға да мүмкіндік береді (себебі, «әулие» мен «Ясауи» - егіз ұғым).

Сопылықтың ежелгі ареалдарының бірі – посткөнеестік Орталық Азияда тасаввуф пен ясауилікті зерттеуді филология, шығыстану, филология немесе этнографияның тар шеңберінен шығаруға, оны пәнаралық синтез негізінде жаһандық деңгейге көтеруге, рухани мұрамызды әлемдік философия, антропология мен психологияның заманауи жетістіктерімен байланыстыруға бағытталған әрекеттер әзірше жеткіліксіз. Ал тіпті қазақ әулиелерінің нақты тарихи-этнографиялық аспектілерін алсақ, ол мәселеде де «ақ таңдақтар» баршылық. Осы жолдар авторларының тарапынан соңғы жылдары ишандарды тұлғатану бағытында зерттеу, сол сияқты әйел-әулиелер мәселесі көтерілді [9].

Әулие мәселесін Ясауи тұлғасымен (және ясауи мектебі мұраларымен) интегралды тұрғыда қарастыру барысында төмендегідей ғылыми мәселелер өзекті деп табылды: аймақтық исламдағы киелі тұлғаларды құрметтеу дәстүрінің тарихи алғышарттарын және оның әр кезеңдердегі ерекшеліктерін, қалыптасудағы сопылықтың рөлін, қожалар қызметі және шежірелерімен байланысын анықтау; исламтану мен түркітанудың жаңа үрдістерін, әртүрлі ғылыми көзқарастарды салыстыру және интеграциялау арнасында әулиелерге тағзым етудің мазмұнын түркі-ханафилік исламның маркері ретінде анағұрлым тереңірек қарастыру, теориялық-әдістемелік тұрғыдан қайта интерпретациялау; «әулие», «кие», «аруақ», «кәміл адам», т.б. категориялар мен сакралды терминдерді анықтай отырып, қазақ қауымындағы діни тұлғаларды киелендіруінің теологиялық, психологиялық алғышарттарын негіздеу; ясауилік ілім мен мектеп (тариқат) тәжірибесінің квинтэссенциясы, сопылық эзотеризм мәселелері тұрғысынан діни терминдерді анықтау; ишандар, әулие-әйелдер (бибілер, қасиетті аналар) туралы тарихи-этнографиялық ақпаратты сакралды география, қазақ фольклоры және көшпенділердің дүниетанымымен тығыз байланыста талдау, т.б.

Өзекті мәселелердің қатарына ортағасырлық сопылық агиографиясын, «тазқира» (әулиелер өмірі) жанрындағы парсы және түркітілдес шығармалардағы ясауизмнің тағдыры, әулие бейнесін қарастырумен қатар, Қазақстан мен Өзбекстанның тарихындағы сопы-ишандар, зиярат нысандарына қатысты тарихи және дінтанулық мәліметтерді жаңаша талдап, жүйелеу жатады (бұл жергілікті исламның ерекшеліктерін және Орталық Азия халықтарының интеграциясындағы рөлін нақтылауға көмектеседі). Мысалы, тақырыптың деректік базаға қатысты агиографиялық ескерткіштер, мәселен, әл-Алауидың «Ламахат мин нафахат ал-кудс», әл-Кашифидің «Рашахат айн ал-хайат» шығармалары Ясауи мектебіне қатысты құнды мағлұматтар береді [10]. Әлішер Науаидің «Насаим ал-мухаббат мин шамаим ал-футаууат» атты агиографиялық шығармасы да зерттеліп, ғылыми айналымға тисіті бөліктері енгізілуде (онда жүздеген әулие тұлғалар туралы баяндалады). Сол сияқты ортағасырлық «Манакиб-и Маулана Лутфулла», «Зийа ал-кулуб» дереккөздері Қазақ хандығы және Орталық Азия билеушілерінің әулие-пірлерге деген зор құрметін, жалпы, көшпенділер өмірінде сопылықтың

айрықша рөлін ашуға негіз бола алады. Әулиелер, сопылық туралы қазақ шежірелері, ауызша тарих материалдарында деректер кездеседі. Қазақ мұсылмандығына байланысты халықтың көзқарастарын Шәді-төре Жәңгіровтың «Тарихат», В. Радлов, А. Диваев, т.б. фольклортанушылары жинаған діни-ғұрыптық фольклор үлгілері («кисса», «зікір» үлгілері) айқындайды.

Әрине, мұсылман әулиелер мұрасын «мазарлар кеңістігі» мен қасиетті географиядан ажырату мүмкін емес. Діни зиярат объектілерінің (мемориалдық-культтік кешендер, мазарлар, жерасты мешіттер, ханака, хазира, шілхана, қадамжай, т.б.) белгілі діни тұлғамен немесе қожа әулеттерімен байланысын нақтылау қажет. Осыған байланысты зиярат, зікір рәсімдеріне, аскеттік (*қылуат*, *үзлет*) тәжірибесіне, сол сияқты сопылардың табиғат, жан-жануарларға көзқарасына (бұрынғы тарихнама, этнографияда экологиялық білімдерді тек шаманизмға теліді, ол сыңаржақтық) және кейінгі ғасырлардағы ишан-сопылардың діни дәстүрді сақтап қалуға діни-ағартушылық рөліне, олардың кітаби-жазбаша, заттай мұралары, сол сияқты шипагерлік-медициналық қызметіне ғылыми сипаттама беру үшін кешенді пәнаралық зерттеулер жүргізілуге тиісті.

Қазақ ишандары, сопы-дәруіштер туралы далалық этнографиялық зерттеулердің, архивтік және теологиялық дереккөздердің жаңа материалдарын іздестіру, оларды ғылыми айналымға енгізу міндеті де айқындалды; әсіресе Қазақстан тарихындағы тариқат өкілдері ишан, шейх, қалпе, махсым, дуана сынды мистиктердің оқу-білімге, емшілікке қатысты мұраларын, суфизмдегі сананың қалыптан тыс мистикалық ахуалдарына қол жеткізу, өзінің рухани «менін» тану әрі ашу жолдарын зерделеуге баса назар аудару керек.

Теориялық-әдістемелік негіздермен бірге қарастырылып отырған тақырып бойынша іргелі зерттеулердің мазмұнын қазіргі заман өлшемімен сыни талдау қажет. Ізашар-ғалымдар мұрасын қайта қарау, сол сияқты жалпы қазіргі исламтанушы, деректанушы және өлкетанушылардың іргелі еңбектерін саралау жаңа перспективаларды әулие культін (тағзым) зерттеудің жаңа қырларын ашуға мүмкіндік береді. Мысалы, революцияға дейінгі орыс ғылымында дәруіштер мен ишандарға отаршылдық әкімшіліктің қажеттіліктеріне орай ғана қызығушылық туындап отырғаны анықталады (П. Позднев, Е. Смирнов және т.б.) Шығыстанушылық «ориенталистік» көзқарас әдебиетте бақсы/бахши, дуана, тәуіп сынды діни тұлғалардың араласуына, ажыратылмауына әкелді. Сонымен бірге классиктер В. Бартольд, А. Вамбери, В. Радлов, М. Массон және т. б. еңбектерін атап өткен жөн. Олардың арасында В. Жуковский, В. Гордлевский, Н. Лыкошин, Ю. Новицкийдің, т.б. әулиелерге, сопылық практикаларға қатысты арнайы жарияланымдары кездеседі. Жергілікті ишандар жайлы И.Бларамберг, И. Казанцев, И. Гейер, С. Абдулгафаров жазды. Сол кезде, яғни XIX ғ. соңы-XX ғ. басы, мұсылман мазарларына қатысты ғұрыптар, зиярат, діни аңыздар, Қожа Ахмет Ясауи, Сүлеймен Бақырғани, Бахауддин Накшбанд сынды әйгілі діни тұлғалар туралы алғашқы мәліметтер жиналды. Ясауидің «Диуан-и Хикмет» шығармасы 1901 ж. Қазан қаласында басылып шыққаны белгілі [11].

КСРО-да сопылық пен әулиелерді зерттеуге тыйым салынғанына қарамастан 20-30 жж. өлкетану, этнография, фольклористика аясында кейбір қызықты жарияланымдар жарық көріп жатты, соның ішінде А. Троицкаяның Ташкенттегі мұсылман әйелдердің зікірі туралы, А. Андреевтің әулиелер иерархиясы туралы танымдық мақалаларын айта кету керек [12]. Әсіресе XX ғ. 60-шы жж. бастап шығыстану, этнография жандана бастады. Алайда қазақтың діни сеніміндегі әулиелер, әулиелі жерлер мәселесін «синкретизм» ұғымы арқылы түсіндіру үрдісі көп жағдайда исламды таратушы тұлғаларды негізсіз ежелгі мифтік кейіпкерлер санатына жатқызуға әкелді (мысалы, Шопан ата, Зеңгі баба сынды әулиелерді); көп жағдайда әулие жайында гуманитарлық ғалымдардың еңбектерінде мүлдем тіс жармау әдеті орнықты. Дегенмен, атеистік сарындағы зерттеулер мазмұнында құнды этнографиялық материалдар да ұшырасты. Мысалға, О. Дастановтың еңбектерінде әулиелер, Қазақстанның қасиетті жерлері тақырыбы фактологиялық жағынан жақсы негізделді.

Посткеңестік әдебиетте ресейлік исламтанушы С. Абашинның еңбектерінің маңызы артты. Ғалымның басшылығымен ислам тақырыбына энциклопедиялық сөздіктер мен жинақтар жарық көрді, ал ізбасары А. Панков әулиелер культі туралы жаңаша тұжырымдама негізінде ғылыми диссертация қорғады [13]. Соңғы зерттеулерінде ресейлік ғалымдар әулиелікті шаманизмнен гөрі «аймақтық ислам» дәстүрімен байланыстырыла зерттей бастағаны анық байқалады (соның ішінде белгілі этнограф Е.Ларина). Кейінгі кезеңде Еуразиядағы киелі нысандарды зерттеу анағұрлым табысты жүргізілді, агиология материалдары, шығыстық шығармалар жан-жақты зерттеліп жатыр. Еділ-Орал өңіріндегі ишанизм дәстүрін рухани құбылыс немесе институт ретінде зерттеген ресейлік авторларды атауға болады [14]. Әлбетте, біздің зерттеушілер үшін қазақстандық ясауитану мен «әулиетануды» әлемдік (ТМД, алыс шетел) суфизм штудияларымен сәйкестендіру міндеті тұр.

Түркия ғалымдары жалпы тасаввуф және Ясауи мұрасына ықпалмен қарап, қомақты үлес қосуда. Мысалға, Неджет Тосунның Бахауддин мен Ясауи туралы еңбектерін атап өтуге болады [15].

90-шы жылдардан бері Қазақстанда «халықтық ислам» тақырыбы біртіндеп қайта жандана бастады, мәдени-рухани ренессансқа сай әулиелер мұрасын, ишанизм, сопылық әдебиет, шығыстық дереккөздерді С. Дәуітұлы, Р. Мустафина, А. Муминов, т.б. зерттеді. Тәуелсіздіктің басты рухани нәтижелерінің бірі Ясауи есімінің жаңғыруы болды. Қазіргі ясауитануды кеңінен сипаттаудың артық екенін айта отырып, ол бағытта Д. Кенжетайдың [16] сүбелі үлесін, сол сияқты құнды энциклопедиялардың шығуын, «Диуан-и Хикмет» аудармаларын, ясауитану бойынша жазба дереккөздердің, классикалық мұраның толық зерттеле бастауы жәйттерін атап өтуге болады (Хазини, Насаб-нама, т.б.).

Қазақ агиографиясы мен суфизм арасындағы байланысты А. Құсайынов зерттеді. Тасаввуф, ишанизм өкілдері ретінде тарихта аты қалған тұлғалар Марал ишан, Досжан ишан, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Айқожа ишан, Әппақ ишан, Бекасыл әулие, Жалаңаяқ Әздер (Әзлер) сияқты діни тұлғалардың өмірбаяны, генеалогиялық деректері үзік-үзік болса да зерттеле бастады. Өлкетанушылар, гуманитарлық ғылым өкілдері Б. Кәрібозұлы, С. Нұртайұлы, З. Ибадуллаева, Б. Әбдірахманов, С. Керелбаев, С. Косбармаков, Е. Оспанов, т.б. авторлар әулие-ишандар тақырыбына өз үлесін қосты. Қожалар, баптар, ишандар бойынша ауызша тарих материалдары жарияланды, жаңа зерттеулер жарық көрді. Әулиелік жерлер, діни зияратқа байланысты әдет-ғұрыптар, сопылықтың халық сенімдеріне, фольклорға әсерін зерттеулер жалғасуда. Сонымен қатар қазақ философиясы мен әдебиетіндегі діни мәселелер, көркем шығармалардағы сопылық сарындар арнайы зерттеу нысанына айналды.

Ғылыми-көпшілік әдебиетке жататын емші-тәуіптер, бақсылар, әулиелер туралы өлкетанулық, этнографиялық жарияланымдардың мазмұнында да құнды мәліметтер ұшырасады. Мифолог С. Қондыбайдың қазақтану бағытындағы пәнаралық зерттеулерінде әулие, кие, қасиетті жерлерге қатысты авторлық пайымдары құрметке лайық. Автор мұсылмандық-сопылық фактордың терең әрі өркендетушілік ықпалын мойындап, Тәңірлік пен Мұсылмандықты өзара үйлестіруге тырысқан әдістемесін жүзеге асырған. Мысалы, өзінің «Маңғыстау мен Үстірттің киелі орындары» атты кітабында ол қазақ емшілерінің, көріпкелдер мен әулиелердің барлығының да ислам (қазақы ислам) дінінің ауқымында әрекет еткенігін көрсетеді, сонымен қатар зерттеуші іс жүзінде сопы-әулиелердің аруағы ашылуы, қасиет қонуы және шамандардың (бақсы деп аударылған) рухани инициациясы арасындағы ұқсастықты өзінше пайымдайды [17, 135 б.]. С. Қондыбай Маңғыстау, Арал-Каспий аймағында әулиеліктің Түркістаннан кейінгі екінші ареалы қалыптасуын XIV ғасырдағы исламдану толқынымен, «әулиелер экспортымен» байланысты деп түсіндіреді.

«Қасиетті Қазақстан» мемлекеттік жобасы бойынша шыққан көптомдық кітаптар киелі нысандар, әулиелі жерлер мен қасиетті тұлғалар тақырыбына арналды, мазмұнында ғылыми әдебиеттердегі тиісті мәліметтер қорытылды. Өлкетанушылар қазақ әулиелеріне қатысты баға жетпес шежірелік материалдарды ел аузынан жинап, тынбай зерттеп, ауқымды жұмыс жасағанын да атап өткен жөн. Мысалы, С. Сағтарұлының «Абд ул-Жалил баб (Хорасан ата)», Ш. Әшімұлының «Өткен әзиз әулиелер» атты көлемді еңбектері, Мархамет Жанасұлы Шаһхайымтегінің «Алтай қазақтарының дін тұтқасы Мұхаммед Мүмин Хазірет шежіресі» кітабы (Керей ишан жайлы), т.б. атауға болады [18].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Нуртазина Н. Ислам и генезис казахской мусульманской традиции. - Астана, 2024. -472 с.
2. Басилов В. Н. Кармышева Дж. Х. Ислам у казахов (до 1917 г.). - Москва: РАН, Институт Этнологии и Антропологии, 1997. -161 с.
3. Нуртазина Н.Д., Картабаева Е.Т., Дауытбекова М.К. Наследие казахских ишанов и святых целителей: новые подходы и перспективы изучения в контексте мусульманско-суфийской традиции Центральной Азии / Электронный научный журнал «edu.e-history.kz». 2024. -Т. 11. -№ 3. -С. 541–557.
4. Басилов В.Н. Культ святых в исламе. – Москва: «Мысль», 1970. -144 с.
5. Гольдциер И. Культ святых в исламе (Мухамеданские эскизы). -Москва, ГАИЗ, 1938. -180 с.
6. Ислам. Историографические очерки / Под ред. С.М. Прозорова. -Москва: ИВР РАН, 1991. - 228 с.
7. Arthur John Arberry. Sufism: An Account of the Mystics of Islam -London: Allen & Unwin, 1950. Muslim Saints and Mystics, A translation of episodes from the Tazkirat al-Awliya (Memorial of the

Saints) originally written by Farid al-Din Attar, London, 1966. René Guénon. Insights into Islamic Esoterism and Taoism, 1973. Understanding Islam. By Schuon, F., -London Unwin Paperbacks, 1965.

8. Нуртазина Н. Путешествие к мусульманским святым Туркестана : традиция и современность /Туризм и сервис в панораме тысячелетий. Вып.1. -Москва, 2009. - С. 266-286.

9. Нуртазина Н., Қартабаева Е., Касимбекова М. Қазақ мұсылмандық дәстүріндегі әулие-ишандар / Вестник КазНУ им. Аль-Фараби, серия ист., 202, № 1. - С. 149-164.

10. Нуртазина Н.Д. Сопылық және әйел: қазақ дәстүрінде әулие аналарды қастерлеудің рухани бастаулары / Ғасыр данасы-Қожа Ахмет Ясауи» халықаралық ғылыми-тәжірбиелік конференциясының жинағы. - Түркістан, 2024. Б. 304-311.

11. Тулибаева Ж.М. Агиографические сочинения как источник по истории духовной культуры казахского народа / Персоязычные источники по истории казахов и Казахстана XIII-XIX вв. -Астана: ЕНУ им. Л. Гумилева, 2006. - С. 181-211.

12. Ясауи Қожа Ахмед. Диуан-и Хикмет. - Қазан, 1901. - 135 б.

13. Троицкая А.Л. Женский зикр в старом Ташкенте /Сборник Музея антропологии и этнографии, т.7. Л., 1928. С. 173-199. Андреев М. С. Чильтаны в среднеазиатских верованиях. - Ташкент: Изд. Об-ва для изучения Таджикистана, 1927. - 17 с.

14. Панков И.А. Культ авлия' аллах в исламе, его генезис и эволюция / Культ Йусуфа Хамадани в центральноазиатском исламе как социокультурный феномен. Санкт-Петербург, 2018. - 252 с. - С. 38-94

15. Гусева Ю. Н. Ишанизм как суфийская традиция Средней Волги в XX веке: формы, смыслы, значение: Монография/ под ред. О. Н. Сенюткиной; под общ. ред. Д. В. Мухетдинова. - Москва: «Медина», 2013. 214 с.

16. Юнусова А.Б. Ишанизм на Урале: духовная традиция и проблемы возрождения интеллектуального ислама /Расулевские чтения: ислам в истории и современной жизни России. - Челябинск, 2017. - С. 170–180.

17. Necdet Tosun. Bahaeddin Nakşebend: Hayatı, Görüşleri, Tarikatı, İstanbul 2002; 464 s. Necdet Tosun. Ahmed Yesevi, Ankara, Noca Ahmed Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi Yay. 2015. -312 s.

18. Кенжетай Д. Қожа Ахмет Иасауи дүниетанымы. Түркістан: Тұран, 2004. -341 б.

19. Қондыбай С. Тольқ шығармалар жинағы: научное издание. –Т.3. Маңғыстау географиясы. Маңғыстау мен Үстірттің киелі орындары. - Алматы: Арыс, 2008. -288 б.

20. Саттарұлы С. Абд ул-Жалил баб. (Хорасан ата). Тарихи-құжатты танымдық кітап. - Алматы: РИИЦ-Азия. 2007. - 520 б.

21. Әшімұлы Ш. Өткен әзиз әулиелер. - Қызылорда, 2021. -500 б.

ӘОЖ 83.3

ҚАЗАҚ ДАНАЛЫҒЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІҢ РУХАНИ НЕГІЗДЕРІ

Оқай Алтынгүл

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, докторант,
Астана, Қазақстан

Қазақ халқының ғасырлар бойы жинақтаған құнды мұрасы ұрпақтан -ұрпаққа жалғасқан тәрбиенің қайнар көзі болып табылады. Ұлттық құндылықтарды бүгінгі қоғам дамуына сай жаңғырту, дамыту-мәдени-рухани тұтастықты сақтауды айқындайды. Халқымыздың дәстүрлі көшпелі мәдениетінен бастау алып, тұрмыс-тіршілігімен біте қайнасып, өмірінің бір бөлшегіне айналған салт-дәстүрлерде, фольклорда, даналық ой-толғамдарында және т.б. өмір сүрудің барлық қағидалары бар.

Әр дәуірдің өзіндік ерекшеліктерін көрсететін даналық ойларда халықтың береке-бірлігін арттыратын, тұтастығын нығайтатын, бірегейлігіне ықпал еткен факторлар көрініс тапқан. Бұл жыраулардың жырларында, салт -дәстүрлердің мазмұнында, әдет-ғұрыптарда орын алып, тек моральдық бағдар ғана емес, ұлттың рухани болмысын құрайтын ұлттық құндылықтар болып табылады. Ол ұлттық бірегейліктің өзегін қалыптастыратын дүниетанымдық жүйені құрайтындығымен ерекшеленді.